

**"Генерал С.Қ.Нұрмағамбетов атындағы "Жас ұлан" республикалық мектебі"
мемлекеттік мекемесінің кейбір мәселелері**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 тамыздағы N 837 Қаулысы

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 10-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен "Генерал С.Қ. Нұрмағамбетов атындағы "Жас ұлан" республикалық мектебі" мемлекеттік мекемесінің жарғысын әзірлесін және бекітсін.

2. "Генерал С.Қ.Нұрмағамбетов атындағы "Жас ұлан" республикалық мектебі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 26 мамырдағы N 647 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 22, 220-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және жариялануға тиіс.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы